

МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ № _____

_____ к.

«___» _____ 202__ жыл

«Hava Finance» МҚҰ» (Хава Финанс) ЖШС, бұдан әрі «МҚҰ», Жарғының негізінде әрекет ететін Бас директор Сандыбаева Венера Сансызбаевна тұлғасында және _____ (аты-жөні), ЖСН _____, жеке куәлік № _____, берілген _____ жылдың _____, тұрғылықты мекен-жайы: _____, ұялы телефон _____, электрондық поштаның мекен-жайы: _____, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, төмендегі талаптармен осы шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

- 1.1. Қарыз алушының өтініміне сәйкес осы шарт бойынша микрокредит сомасы _____ (_____) теңгені құрайды.
- 1.2. Микрокредит бойынша артық төлем сомасы - _____ (_____) теңге, соның ішінде осы Шарт бойынша міндеттемелер тиісінше орындалған жағдайда Қарыз алушы төлеуге тиіс сыйақы сомасы - _____ (_____) теңге.
Осы Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда микрокредит бойынша артық төлем сомасы мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін сыйақы мәнінің есебінен микрокредитті пайдалану кезеңі үшін есептелген сыйақы сомасына (Шарттың 1.6.-тарм.) және мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5% есебінен есептелген тұрақсыздық айыбының сомасына ұлғайтылуы мүмкін.
- 1.3. Микрокредитті мақсатты пайдалану: тұтынушылық мақсаттар.
- 1.4. Осы Шартты жасасу сәтіндегі микрокредиттің және сыйақының сомасын ескере отырып, микрокредиттің толық құны _____ (_____) теңгені құрайды.
- 1.5. Микрокредитті өтеу мерзімі «___» _____ 202__ ж., бұл _____ (____) күнтізбелік күнді құрайды.
- 1.6. Сыйақының мәні _____%, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (СЖТМ) _____(_____) %.
- 1.7. Микрокредитті өтеу тәсілі – бір уақытта.
Қарыз алушы микрокредитті өтеуді мынадай тәртіппен жүргізеді:
 - 1) қолма-қол ақшасыз тәртіпте - Қарыз алушының банктік шотынан МҚҰ банктік шотына аударуды қоса алғанда, банктік аударым арқылы МҚҰ банктік шотына ақша қаражатын аудару жолымен (комиссия мөлшері банк тарифтеріне сәйкес белгіленеді және Қарыз алушы өз бетінше төлейді);
 - 2) қолма-қол ақшасыз тәртіпте - Homebank қосымшасы арқылы (комиссия мөлшері банк тарифтеріне сәйкес белгіленеді және Қарыз алушы өз бетінше төлейді);
 - 3) қолма-қол ақшасыз тәртіпте - қарыз алушының жеке кабинетінде Сайтта төлеу арқылы www.hava.kz деректемелер бойынша банк картасының көмегімен (комиссия мөлшері процессингтік орталықтың тарифтеріне сәйкес айқындалады және Қарыз алушы өз бетінше төлейді);
 - 4) қолма-қол тәртіпте - төлем жүйелерінің төлем (электрондық) терминалдары арқылы ақша енгізу жолымен (комиссия төлем компанияларының тарифтеріне сәйкес алынады және Қарыз алушы оны өз бетінше төлейді).Микрокредитті өтеу үшін МҚҰ банктік шотының деректемелері: БСН 211140015760, ЖСК KZ23601A861002512271, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, БСК HSBKKZKX.
- 1.8. Микрокредитті өтеу әдісі - микрокредит мерзімі аяқталған күні.
- 1.9. Негізгі борышты және/немесе сыйақыны уақтылы өтемегені үшін МҚҰ Қарыз алушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес) пайызы мөлшерінде өсімпұл/тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.
Қарыз алушы микрокредит бойынша өтеуді жүзеге асыруға міндетті операциялық күн жабылған кезде (Алматы уақыты бойынша 23 сағат 00 минут) төлем жасалмаса, берешек мерзімі өткен болып есептеледі.
- 1.10. Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, егер ол Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешегін

Қарыз алушының қолы: _____

мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) МҚҰ-ның орындауды алу бойынша шығындары;
- 2) микрокредит беру туралы шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) мерзімі өткен кезең үшін есептелген сыйақы;
- 4) сыйақы бойынша берешек;
- 5) негізгі борыш бойынша берешек.

- 1.11.** Қарыз алушыға Шарт бойынша берілетін микрокредит кепілсіз болып табылады және ақылылық пен қайтарымдылықтың мерзімділігі талаптарымен беріледі.
- 1.12.** Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде МҚҰ осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық шараларды қолдануға құқылы, оның ішінде МҚҰ:
- 1) Қарыз алушыға SMS-хабарламалардың, электрондық поштаға хаттардың, телефон қоңырауларының, жазбаша хабарламалардың, push-хабарламалардың көмегімен берешекті өтеу туралы, сондай-ақ микрокредитпен байланысты басқа да іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігі туралы ескертуге;
 - 2) Қарыз алушының берешегін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес коллекторлық агенттікке сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге беруге міндетті;
 - 3) өз қалауы бойынша, Қарыз алушының келісімінсіз осы Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) екінші деңгейдегі банкке; коллекторлық агенттікке; микроқаржы ұйымына; секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына; МҚҰ-ның қамтамасыз етілген облигацияларын шығару немесе қарыздар алу кезінде Шарт бойынша талап ету құқықтарын кепіл ұстаушы - заңды тұлғаға беруге;
 - 4) Серіктестікте ақпарат беруге шарттар жасалған кредиттік бюроларға микрокредиттің қайтарылмағаны туралы деректерді беруге;
 - 5) микрокредитті пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбы мен сыйақы сомасын есептеуге;
 - 6) негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алуға;
 - 7) бұзылған құқықтарды қорғау және Шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алу үшін Қазақстан Республикасының сот органдарына жүгінуге құқылы.
- 1.13.** Осы Шарт оған тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы Микрокредитті, сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) толық өтегенге дейін қолданылады.
- 1.14.** Осы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптар осы Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады. Қарыз алушы микрокредит бойынша төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін, оның ішінде тұрақсыздық айыбынан тыс өндіріп алынуы мүмкін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауынан келтірілген залалдар үшін, Шарт жасасу үшін және микрокредит бойынша құжаттаманы дұрыс жүргізу үшін қажетті ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы мен түпнұсқалығы үшін толық жауапты болады.
- 1.15.** МҚҰ пошталық мекенжайы: 050012, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, № 502 үй, 8 қабат.
МҚҰ электрондық мекен-жайы: info@hava.kz
Ресми интернет-ресурсы: www.hava.kz
- 1.16.** Шарт бойынша МҚҰ құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың Қарыз алушымен Шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Қарыз алушы:

- 1) микрокредиттер беру қағидаларымен, МҚҰ-ның микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға;
- 2) алынған микрокредитке осы Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен иелік

етуге;

- 3) егер негізгі борыш пен (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күндеріне сәйкес келсе, негізгі борыш пен (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;
- 4) осы Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, ұйымға мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;
- 5) осы Шарттың 2.6.2 т. белгіленген тәртіпте МҚҰ-ға өтінішпен жүгінуге;
- 6) осы Шарттың 2.6.4. т. белгіленген тәртіпте уәкілетті органға жүгінуге;
- 7) «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін жасалған шарт бойынша құқықты (талапты) басқаға берген жағдайда банк омбудсманына жүгінуге;
- 8) микрокредит бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде МҚҰ-ға info@hava.kz электрондық мекенжай бойынша немесе МҚҰ бөлімшелеріне жазбаша өтініш беруге;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2.2. Қарыз алушы:

- 1) алынған микрокредитті осы Шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен қайтаруға және ол бойынша сыйақы төлеуге;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Шартқа сәйкес МҚҰ сұратқан құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

2.3. МҚҰ:

- 1) Қарыз алушыдан Шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 2) Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қарыз алушыдан Шарт бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу және микрокредит сомасын тиесілі сыйақымен бірге қайтару, тұрақсыздық айыбы мен айыппұлдарды төлеу, Шартты бұзу, мемлекеттік бажды, сот және өзге де шығыстарды Қарыз алушының шотына, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қарыз алушының кез келген мүлкінен өндіріп алу арқылы жатқыза отырып, сот органдарына жүгінуге, сондай-ақ Қарыз алушының Шарт бойынша берешектерінің сомаларын өндіріп алу бойынша МҚҰ шеккен шығыстарды төлеуді талап етуге;
- 3) осы Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Қарыз алушы Шарттың талаптары жақсару жағына қарай өзгерген жағдайда, МҚҰ оған бұл туралы микрокредитті ресімдеу кезінде көрсетілген телефон нөміріне және/немесе электрондық поштаға SMS-хабарлама және/немесе электрондық хат жіберу арқылы хабарлайтынына келіседі;
- 4) Қарыз алушы микрокредитті және есептелген сыйақыны өтеу күнін бұзған жағдайда, МҚҰ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Коллекторлық агенттіктерді тартуға, оларға барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды бере отырып, берешекті өндіріп алуға;
- 5) Қарыз алушыға SMS-хабарламалардың, электрондық поштаға хаттардың, телефон қоңырауларының, push-хабарламалардың көмегімен алдағы берешекті өтеу туралы, сондай-ақ микрокредитпен байланысты басқа да іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігі туралы ескертуге;
- 6) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғаға аударуға;
- 7) өз қалауы бойынша, Қарыз алушының келісімінсіз осы Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) екінші деңгейдегі банкке; коллекторлық агенттікке; микроқаржы ұйымына; секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы

қаржы компаниясына; МҚҰ-ның қамтамасыз етілген облигацияларын шығару немесе қарыздар алу кезінде Шарт бойынша талап ету құқықтарын кепіл ұстаушы - заңды тұлғаға беруге;

- 8) Қарыз алушы микрокредитті қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;
- 9) Қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген және Қарыз алушы берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда, негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті Қарыз алушының келісімін алмастан, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алуға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2.4. МҚҰ:

- 1) орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы Қарыз алушыны МҚҰ орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Қарыз алушының заңды мекенжайы бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпарат жариялау арқылы не мұндай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде Қарыз алушыны жазбаша хабардар ету арқылы жазбаша хабарлауға;
- 2) қатысушылардың құрамы өзгерген жағдайда, бұл туралы және қатысушылардың «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңының 14-бабы 6-тармағының талаптарына сай келуі туралы уәкілетті органға мұндай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарлауға;
- 3) микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесін қарыз алушының (өтініш берушінің) көруі және онымен танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде интернет-ресурста да орналастыруға;
- 4) Қарыз алушыға микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беруге;
- 5) Қарыз алушыны микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етуге;
- 6) микрокредит беру құпиясын сақтауға;
- 7) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасасылғанға дейін Қарыз алушыны құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні туралы SMS-хабарламалар және/немесе электрондық поштаға хат жіберу тәсілмен хабардар етуге;
- 8) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасасылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) микрокредитті өтеу жөніндегі бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап етулердің) толық көлемін, сондай-ақ, негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап етудің) үшінші тұлғаға өткені туралы SMS-хабарламалар және/немесе электрондық поштаға хат жіберу арқылы хабардар етуге;
- 9) микрокредит ресімдеу кезінде көрсетілген телефон нөміріне немесе электрондық пошта мекенжайына SMS-хабарлама және/немесе электрондық хат жіберу арқылы МҚҰ жақсартатын талаптарды қолданған жағдайда, Қарыз алушыны шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар етуге;
- 10) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға;
- 11) Қарыз алушыны Шарттың 2.6.1 т.көзделген тәртіпте және шарттарда мерзімін өткізіп алу туралы хабардар етуге;

- 12) осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен жағдайда қарыз алушының өтініші бойынша МҚҰ ұсынған жақсарту талаптарында Шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту жолымен төлемді кейінге қалдыруды ұсынуға міндетті. Бұл ретте шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту жүзеге асырылатын жалпы мерзім күнтізбелік қырық бес күннен аспауға тиіс;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

2.5. МҚҰ:

- 1) сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 2) кепілсіз банктік қарыз және микрокредиттер бойынша күнтізбелік алпыс күннен астам, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшеріне тең немесе одан асатын мөлшерде мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаларға микрокредитті беруге;
- 3) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және Қарыз алушыдан (өтініш берушіден) алуға;
- 4) МҚҰ-ға микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге;
- 5) қарыз алушы - жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есепке жазуға және талап етуге құқылы емес;
- 6) осы Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға;
- 7) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылса, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) алуға;
- 8) кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып, теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуге;
- 9) коллекторлық агенттікпен осындай шарт жасасу жағдайларын қоспағанда, оның үшінші тұлғалармен нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөнінде қызметтер көрсету болып табылатын шарт (бұдан әрі – берешекті өндіріп алу туралы шарт) жасасуға құқылы емес.

2.6. Берешекті сотқа дейін реттеу тәртібі.

2.6.1. Осы Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік 20 күннен кешіктірмей МҚҰ жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, Қарыз алушыны:

- 1) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі;
- 2) Қарыз алушының МҚҰ-ға жүгіну құқығы;
- 3) Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етеді.

МҚҰ Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

2.6.2. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде МҚҰ-ға ресми интернет-ресурста орналасқан бөлімшелердің мекенжайлары бойынша келуге және (немесе) info@hava.kz мекенжайға жазбаша нысанда Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың себептері, оның табыстары және Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы, оның ішінде:

- 1) Шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;
- 2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;
- 3) берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

- 4) микрокредит мерзімін өзгертуге;
- 5) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға байланысты мәлімдемесіне негіз болатын басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтініш ұсынуға құқылы.

2.6.3. МҚҰ Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды және Қарыз алушыға өзінің өтінішінде Қарыз алушы көрсеткен электрондық поштаға жауап жіберу арқылы не Қарыз алушының мекенжайына жазбаша түрде не Қарыз алушы өтініш-сауалнамада көрсеткен телефон нөміріне СМС-хабарлама жіберу арқылы:

- 1) Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісуі;
- 2) берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;
- 3) бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы хабарлайды.

2.6.4. Қарыз алушы МҚҰ шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде бір мезгілде МҚҰ-ны хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

2.6.5. Уәкілетті орган Қарыз алушының өтінішін оның МҚҰ-ға өтінішінің дәлелдемелерін ұсынған және МҚҰ-мен Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеген кезде қарайды. Қарыз алушының өтінішін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

2.6.6. Шарттың 2.6.1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Қарыз алушы Шарттың 2.6.2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не Қарыз алушы мен МҚҰ арасында Шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда, МҚҰ:

- 1) Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарастыруға құқылы. Шараларды қолдану туралы шешім қабылдау Микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;
- 2) берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

2.7. Осымен Қарыз алушы, орындау мерзімі басталған осы Шартта көзделген микрокредит сомасын қайтару және/немесе сыйақы және/немесе тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда өз кінәсін және міндеттемелерді орындамау фактісін растайды және мойындайды.

2.8. Осы Шартта көзделген, орындау мерзімі басталған міндеттемелерді орындамаған жағдайда Қарыз алушы МҚҰ-ның негізгі борыш сомасын, сыйақы сомасын, тұрақсыздық айыбы сомасын даусыз тәртіппен өндіріп алу мақсатында атқарушылық жазбаны жасау үшін нотариусқа жүгіну құқығына хабардар және мойындайды. Қарыз алушының осы Шарт бойынша берешегінің ең жоғары сомасы «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шектеулерді ескере отырып, микрокредит сомасын, сыйақы және тұрақсыздық айыбы (өсімпұл) сомасын құрайды.

2.9. Қарыз алушы шарттың 2.7, 2.8-тармақтарының ережелері талаптары Қарыз алушының осы Шарт бойынша МҚҰ/өндіріп алушы алдындағы борышкер ретіндегі өзінің даусыз жауапкершілігін тану туралы келісімі болып табылатынын растайды және мойындайды (бұл сондай-ақ дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен берілген талапқа жауап ретінде теңестіріледі).

2.10. Тараптар нотариустың атқарушылық жазбасын өндіріп алушының таңдауы бойынша, өндіріп алушының өтініші негізінде:

- тіркелген жері бойынша (борышкер-жеке тұлғаның заңды мекенжайы);
- борышкердің тұрғылықты жері бойынша (Шартты жасасу сәтіндегі борышкер көрсеткен жеке тұлғаның нақты тұрғылықты мекен-жайы).

3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Микрокредит сомасын аудару арқылы алушының банктік / карточкалық шотына № _____ АҚ " _____ ".
- 3.2. Ақша аударуды МҚҰ осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады. Микрокредит қарыз алушының банктік/карточкалық шотына аударылған сәттен бастап соңғысы микрокредит алудан толық немесе бір бөлігінде бас тартуға құқылы емес.
- 3.3. Микрокредит қарыз алушыға берілген, ал МҚҰ міндеттемесі МҚҰ-ның банктік шотынан қарыз алушының 3.1-тармақта көрсетілген банктік/карточкалық шотына микрокредит сомасын аударған сәттен бастап орындалған болып саналады. осы келісім-Шарттың.
- 3.4. Осы Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға жол берілмейді.

4. МИКРОКРЕДИТТІ ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Қарыз алушы алынған микрокредитті өтеуге және сыйақыны Шартта көзделген мерзімде төлемдер жасау арқылы төлеуге міндетті.
- 4.2. Төлем күні демалыс күніне түскен жағдайда, одан кейінгі жұмыс күні төлем күні болып есептеледі (ауыстырылады).
- 4.3. Микрокредит бойынша төлемді төлеу күні ақша қаражатының МҚҰ-ның банк шотына түскен күні болып табылады.
- 4.4. Микрокредитті өтеу мерзімін есептеу микрокредит берілген күннен басталады және оны толық өтеген кезде аяқталады. Қарыз алушы микрокредит бойынша берешекті айыппұл санкцияларынсыз мерзімінен бұрын ішінара не толық өтеуге құқылы. Микрокредит Қарыз алушының жазбаша өтініші негізінде Микрокредит берілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен ерте емес мерзімнен бұрын толық немесе ішінара өтелуі мүмкін.
- 4.5. Микрокредитті мерзімінен бұрын өтеу микрокредитті пайдалану кезеңіндегі борыштың негізгі сомасы мен сыйақыны қамтитын біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.
- 4.6. Қарыз алушы үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалана отырып, МҚҰ пайдасына ақша қаражатын аудару кезінде төлемдердің кешігу тәуекелдерін өзіне алады.
- 4.7. Қарыз алушыға Серіктестіктің осы Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқығы бар екендігі туралы хабарланады. Осы тармақтың мақсаттары үшін Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шарттың талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі:
- 1) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;
 - 2) Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту.
- 4.8. Микрокредит нысанасын қоспағанда, осы Шартта көзделген сыйақы және тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоса алғанда, шарт бойынша қарыз алушының барлық төлемдері жиынтығында Шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс.

5. ДЕРЕКТЕРДІ БЕРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ

- 5.1. Қарыз алушы осы Шартта көрсетілген барлық ақпараттың толық және дұрыс екенін растайды.
- 5.2. Қарыз алушы саналы, еркін, өзінің ерік-жігерімен және өзінің мүддесінде МҚҰ Шартта көрсетілген барлық дербес деректерін, сондай-ақ тіркеу кезінде (өтініш толтырған кезде) Қарыз алушы МҚҰ-ға ұсынатын барлық өзге де дербес деректерді, оның ішінде: тегін, атын, әкесінің атын; жынысын; туған күні мен жерін; жеке куәлігінің деректемелерін; ЖСН, тұрғылықты мекен-жайы мен тұрғылықты жері, отбасы жағдайы, балалар саны, көлік құралының меншігінде болуы (болған жағдайда); білім деңгейі; жұмыспен қамту түрі; айлық табыс мөлшері; келесі жалақы күні; ұялы телефон нөмірі; байланысатын адамдарды қоса алғанда, үй телефонының нөмірі (ұсынылған жағдайда); жұмыс телефонының нөмірі (болған жағдайда); электрондық почта деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректері туралы заңнамасына сәйкес өңдеуге өзінің келісімін береді, ол жинауды, жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, пайдалануды, беруді (таратуды, ұсынуды, қол жеткізуді), оның ішінде агенттік шарттардың немесе олар МҚҰ-мен жасасқан өзге шарттардың негізінде әрекет ететін үшінші тұлғаларға

(оның ішінде заңды тұлғаларға) трансшекаралық беруді және беруді қоса алғанда, оның ішінде Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, осы тұлғалардың Шарт бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алуға, дербес деректерді иесіздендіруге, бұғаттауға, алып тастауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында, Қарыз алушының дербес деректерімен автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе осындай құралдарды пайдаланбай кез келген іс-әрекетті (операцияны) немесе іс-әрекеттер (операциялар) жиынтығын жасауды қамтиды. Қарыз алушы өзінің дербес деректерін онымен осы Шартты жасасу не оған микрокредит беруден бас тарту мақсатында, сондай-ақ Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда кейіннен сот не сотқа дейінгі тәртіппен ақша өндіріп алу үшін пайдалануға келіседі. Қарыз алушы МҚҰ-ға Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық тиісінше орындаған сәтке дейін оның барлық дербес деректерін пайдалануға өз келісімін береді.

- 5.3.** Қарыз алушы МҚҰ-ның өтінішін жай жазбаша нысанда жіберу арқылы өзінің дербес деректерін пайдалануға келісімді қайтарып алу мүмкіндігі туралы хабардар етіледі. Сонымен қатар, МҚҰ-ның Қарыз алушыдан:
- 1) тиісті қызмет/операция/төлем көрсету аяқталғанға дейін;
 - 2) Шарт орындалғанға дейін;
 - 3) егер дербес деректерді өңдеуді жалғастыру қолданыстағы заңнаманың талаптарына (мұндай жағдайда дербес деректерді өңдеу заңнама талаптарын орындау үшін қажетті шектерде жүзеге асырылады), МҚҰ-ның ішкі құжаттарына байланысты болған жағдайларда дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді кері қайтарып алу туралы өтініш алғаннан кейін дербес деректерді өңдеуді жалғастыруға құқылы екендігімен келіседі.
- 5.4.** Қарыз алушы МҚҰ өзі хабарлаған кез келген ақпаратты тексеруге құқылы екендігімен, ал Қарыз алушы ұсынған құжаттар мен көшірмелердің, сондай-ақ Шарттың МҚҰ-да электрондық немесе қағаз түрінде сақталатындығымен келіседі.
- 5.5.** Қарыз алушы МҚҰ-ға Шартта көрсетілген мәліметтерді тексеру және ол туралы ақпарат алу үшін кредиттік бюроларға жүгіну құқығын береді. МҚҰ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ға ақпарат ұсынады. Өзге қосымша кредиттік бюроны таңдау құқығын Қарыз алушы МҚҰ-ға оның қалауы бойынша береді және Қарыз алушымен қосымша келісуді талап етпейді.
- 5.6.** Қарыз алушы МҚҰ-дан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерінің басталуы, соманы көрсете отырып, мерзімі өткен берешектің туындауы немесе болуы туралы ақпараттық материалдарды, Шартты орындауға байланысты өзге де ақпаратты, SMS-хабарландыруды, пошта хатын, жеделхатты, дауыстық хабарламаны, электрондық пошта арқылы хабарламаны, push-хабарламаны қоса алғанда, кез келген байланыс арналары арқылы алуға өз келісімін береді. Бұл ретте, осы ақпараттық жіберілімдер үшін Қарыз алушы МҚҰ-ға микрокредитті ресімдеу кезінде МҚҰ-ға Қарыз алушы берген кез келген байланыс ақпаратын, оның ішінде байланысатын тұлғалардың байланыс ақпаратын пайдалануға рұқсат береді.
- 5.7.** Қарыз алушы МҚҰ-ға ол туралы ақпаратты кез келген ықтимал көздерден (мемлекеттік деректер базасын қоса алғанда) алуға құқық береді және келіседі.
- 5.8.** Қарыз алушы МҚҰ-дан жарнамалық материалдар мен МҚҰ қызметтері мен акциялары туралы ақпарат алуға өз келісімін береді.
- 5.9.** Қарыз алушы МҚҰ-ға:
- 1) Қазақстан Республикасында ұялы байланыс операторының ұялы телефонының тиісінше тіркелген нөмірі бар екеніне;
 - 2) микрокредит беру туралы өтінішке қол қоймас бұрын, Микрокредит беру қағидаларымен және www.hava.kz сайтында, МҚҰ бөлімшелерінде орналастырылған басқа да құжаттармен танысқанына және олардың талаптарымен келісетініне кепілдік береді.
- 5.10.** Осы Шарттың шеңберінде Қарыз алушы МҚҰ-ға Қарыз алушының осы Шарттың талаптарын орындауын бақылау мақсатында Қарыз алушымен сөйлесулердің аудио-және бейнежазбасын жүргізу құқығын береді.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 6.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау шамасына қарай туындайтын кез келген даулы мәселелер, келіспеушіліктер не наразылықтар Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен реттелуі үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндеттенеді.
- 6.2. Егер Тараптар келісімге келе алмаса, осы Шартқа қатысты барлық шешілмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Алматы қаласының Медеу аудандық сотында (шарттық соттылық) қаралуға жатады.
- 6.3. Осы Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы МҚҰ-да микрокредит алуға байланысты өзінің құқықтары мен міндеттерімен хабардар болғанын және танысқанын растайды. Шартқа барлық өзгерістер немесе толықтырулар оған микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес шарт жасасу тәртібіне ұқсас жасалатын тиісті қосымша келісімдермен ресімделеді.
- 6.4. Осы Шартта көрсетілген Тараптардың мекен-жайлары бойынша жіберілген барлық хабарламалар тиісінше жіберілген деп есептеледі.
- 6.5. Қарыз алушы ұялы байланыс операторлары және/немесе телекоммуникациялық қызметтерді өзге де жеткізушілер арқылы SMS хабарламалар жіберуге, нөмірлері МҚҰ-ға берілген мобильді (ұялы) телефондарға қоңырау шалуды жүзеге асыруға келісім береді және осы мәселе бойынша шағымдар мен дауларды қоймауға міндеттенеді.
- 6.6. Осы Шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды. Мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған осы Шарт мәтінінің мағыналық мазмұнында әртүрлі оқылулар немесе қандай да бір сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, осы Шарттың орыс тілінде жасалған мәтінін басшылыққа алған жөн.
- 6.7. Осы Шарттың жарамсыз бөлігін тану оның басқа бөліктерінің және тұтастай Шарттың жарамсыздығына әкеп соқпайды.
- 6.8. Осы Шартта көзделмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар МҚҰ-ның www.hava.kz ресми сайтында және МҚҰ бөлімшелерінде орналастырылған Микрокредиттер беру қағидаларын басшылыққа алады.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

Қарыз алушы:

Т.А.Ә. _____
жеке куәлік № _____
берілген _____ / ____ / ____
ЖСН _____
мекен-жайы: _____
Ұялы телефоны: 8 (_____) _____

МҚҰ:

«Hava Finance» (Хава Финанс) микроқаржы
ұйымы» ЖШС

Мекен-жайы: 050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы,
№ 502 үй, 8 қабат

БСН 211140015760

ЖСК KZ23601A861002512271

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ

БСК HSBKKZKX

Бас директор

ТАӘ

_____ қолы

_____ Сандыбаева В.С.